

Ленин

ҚН(б)П СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 204 (8664)

1945 жылғы 16 октябрь Сейсенбі

Шығуына 27-жыл
Жансаңы 20 тыйын

Астық тапсыру жұмысы шұғыл тездетілсін

Облысымыздың егінші Краснодар өлкесі мен Алматы селолық ауданы колхозшыларының үндеулерін қолдап, егінді тез және ысырапсыз жыйнап алуға, сөйтіп мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын—20 октябрьге дейін толық орындауға міндеттенген болатын.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары алған міндеттемелерін орындап, мемлекетке бересі астықты толық тапсырды. Облысымызда егін жыйнауды аяқтап, бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындаған колхоз, совхоздардың саны көбейді. Газетіміздің бүгінгі санында, Соколов ауданындағы «Путь Ильича» колхозының бірінші парызын орындағандығы жөніндегі хабар жарияланып отыр. Бұл колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындап, қазірдің өзінде мемлекетке жоспардан тыс 400 центнер астық тапсырған. Сол сияқты, Ленин ауданындағы «Алқа», Приешім ауданындағы «Большевик» колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады.

Социалистік жарыс кеңінен өрістеген коммунистер мен комсомол мүшелері колхозшы шаруаларды қажырлы еңбекке бастай білген жерде егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қысқа мерзімде, ойдағыдай аяқталуда. Жоғарыда аталған колхоздардың коммунистері мен комсомол мүшелері мемлекетке астық тапсыру жұмысының ерекше зор маңызы бар екендігін түсініп, колхозшылар арасында көпшілік-ұйымдастыру жұмысын ойдағыдай жүргізе білді.

Әрбір колхоз, совхоз және МТС өз мін-

ныпа 700 центнер астық тасу орнына, небары 70 центнер ғана астық тасыды.

Мемлекетке астық тапсыруда Конюхов, Булаев және Мамлют аудандары мүлде артта қалды. Соңғы күндері Соколов және Полудень аудандарының колхоздары да мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқынын бәсеңдетіп алды. Бұл аудандардың басшылары колхоздарда дайындау орындарына астық тасу мөлшерінің орындалуын қамтамасыз етпеді. Олар колхоздарға астық тасу мөлшерлерін тағайындап, ол мөлшердің деркесінде мүлтіксіз орындалуын қадағалап тексермеді. Егін отуда, астық бастыруда және мемлекетке астық тапсыруда колхоздарға нақтылы көмек көрсетпеді.

20 октябрьге дейін небары 4 күн ғана қалды. Уақыт аз, істелетін жұмыс көп. Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жоспарын тез арада аяқтау керек. Мұның үшін колхозды ауыл, сөзге еңбекке жарамды адамдардың барлығы жұмысқа тартылатын болсын. Алдыңғы қатарлы колхозшылардың еңбек үлгісі жұртшылықтың игілігіне айналдырылып, колхоздағы кереметтер мен жалаңқалар өшкереленіп отырылсын.

Мемлекетке астық тапсыру жұмысының ойдағыдай жүргізілуі астық бастыруды үлгілі ұйымдастыруға тікелей байланысты. Бірсыра жерлерде бұл жұмысқа ойдағыдай көңіл бөлінбей келеді. Әрбір колхоз, совхозта егінді тәулік бойы соғу керек. МТС, совхоз директорларының және колхоз басқармаларының міндеті—осы талапты мүлтіксіз орындау.

Облысымыздың мал совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық

Жалпы одақтық транспорт машина құрылысы Халық Комиссариатын құру туралы

ССРО Жоғарғы Советі
Президиумының Указы

1. Танк өнеркәсібі Халық Комиссариаты және оның кәсіп орындары, паровоз құрылысы заводтары, ауыр өнеркәсіп Халық Комиссариаты және вагон құрылысы заводтары, орта дәрежелі машина құрылысы Халық Комиссариаты негізінде жалпы одақтық транспорт машина құрылысы Халық Комиссариаты құрылсын.

2. Танк өнеркәсібі Халық Комиссариаты ажыратылсын.

3. ССРО Халық Комиссарлары Советі бекіткен тізімге сәйкес, ССРО транспорт машина құрылысы Халық Комиссариатының қарамағына кәсіп орындары мен ұйымдар берілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі, М. КАЛИНИН.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі, А. ГОРКИН.
Москва, Кремль.
1945 жылғы 14 октябрь.

Қазақ ССРның 25 жылдығы хұрметіне әдебиет шығармаларының бәйгесі

Облыстық совет атқару комитеті мен ҚН(б)П облыстық комитеті бюросы облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттері редакцияларының Советтік Қазақстанның шаруашылығы мен мәдениетінің шарықтап өсуін, қазақстандық жауынгерлердің неміс-фашист басқыншыларға қарсы жүргізген қаһармандық күресін және тыл қызметкерлерінің қажырлы еңбегін бейнелейтін таңдамалы

Колхозшылар, МТС және совхоз жұмысшылары! Барлық күш-мүмкіншілікті жұмсап егін жыйнау мен астық бастыруды және мемлекетке астық тапсыруды тез арада аяқтайық, сөйтіп Қазақ ССРның 25 жылдығы даңқты мерекесін зор табыстармен қарсы алайық.

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

Астық тапсыру жоспары тез арада толық орындалсын

Қарағанды совхозының табысы

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыста Булаев ауданындағы Қарағанды кеңсағыз совхозының коллективі зор табысқа ие болды. Совхоз мемлекетке 20840 пұт астық тапсырып, астық дайындау жоспарын 108,3 процент орындады.

Қазір совхоз коллективі мемлекетке жоспардан тыс астық тапсырып жатыр.

Облысымыздың егін даласында

ЕГІН ОРУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 14 октябрьге дейін облыс колхоздарында 357317 гектар егін орылып, жоспар 94,5 процент орындалды. Егін ору жөніндегі облыс бойынша соңғы бір күнді өсім—2625 гектар болды. Бұл күні октябрь ауданының колхоздарында бірде-бір гектар егін орылмады. Ал Петропавл және Полудень аудандарының колхоздарында 58 гектардан ғана егін орылды.

Егіннің Петропавл ауданының колхоздары 99,7, Октябрь ауданының колхоздары 99,4, Приешім ауданының колхоздары 97,6 және Соколов ауданының колхоздары 96,6 процентін орды. Ал Совет, Булаев және Конюхов аудандары егін ору жұмысының аяқталу мерзімін кешеуілдетіп келеді. Бұл аудандардың кейбір колхоздарында әлі күнге дейін жүздеген гектар егін орылмай тұр.

ЕГІН МАЯЛАУ. Колхоздарда жай машиналармен орылған егіннің 166073 гектары майланды. Бұл орылған егіннің 87,3 проценті. Петропавл, Приешім және Октябрь аудандарының колхоздары егінді маялауды аяқтауға жуық отыр. Ал Конюхов, Совет, Соколов және Полудень аудандарының колхоздарында жай машиналармен орылған егіннің дені маяланбай жатыр. Бұл аудандарда егіннің 75-83 проценті ғана майланды.

АСТЫҚ БАСТЫРУ. Облыс колхоздарында астық бастыруға комбайндар, молотилалар және қырман тастағы көптеп пайдаланылмай келеді. Сондықтан да облыста астық бастыру ойдағыдай болмай отыр, демек жай машиналармен орылған егіннің 62,8 проценті ғана бастырылды.

Астық бастыруды әсіресе Ленин, Конюхов, Мамлют және Булаев аудандарының колхоздары кешеуілдетті. Бұл аудандарда барлық орылған егіннің тең жартысы ғана бастырылды деуге болады. Істің жәйі Полудень, Приешім және Совет аудандарының колхоздарында да мақтарлықтай емес.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда 43773 гектар зябь жыртылды, немесе әлі күнге дейін жоспардың үштен бір бөлігі де орындалған жоқ. Зябь жырту жөніндегі об-

Жоспардан тыс 400 цент астық тапсырады

Соколов ауданындағы «Путь Ильича» шаруашылық артелінде (президент Вишневецкая жолда) егінді орыту жөнінде мемлекетке астық тапсырымыстары алғашқы күннен бастап жүргізілді. Колхозшы шаруалар алдындағы социалистік жарысты босаймы өрістетіп, астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қарқынын күшейтуде болды. Попов және Баскарган керуеншілер бригадасы дайындау орнына астықты күнде-түнде уақытсіз төседі.

Колхоз қыркүйекте астықты тез және кептіру жұмыстары үлгілі ұйытырылды. Астықты жұмыстауда Болдова, Маслова және Перевалова еш тандаулы колхозшылар естелікші қыс істеудің үлгісін көрсете білген күнделікті тапсырманы үнемі орынып отырады.

Колхозшылар социалистік егін далда қажырлы еңбек істеу арқылы табысқа ие болды. Колхоз мемлекетіндегі бірінші парыз—астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Мемлекеттік астық қамалына 12726 пұт астық өткізілді.

Республикамыздың 25 жылдық мерекесіне тарту ретінде, колхозшылар көпте жоспардан тыс 400 центнер тапсырмақ болып, бұл іске білек е кірісті. Алғашқы күндерде жоспардан тыс ондаған центнер астық дайындалына жөнелтілді.

Облысымыздың бірсыпыра колхоздарында социалистік жарыс кеңінен өрістетілмей, алынған міндеттемені мүлтіксіз орындау үшін ымын мәнінде күрес жүргізілмей отыр. Облысымыздың колхоз, совхоздары да егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары мүлде нашар жүргізіліп жатыр. Бұл—колхозшылар арасында еңбек тәртібінің нашар ұйымдастырылуынан, бірсыпыра колхоз, совхоздар мен аудан басшыларының күш-жүмекшілікті егін жыйнау және дайындау орындарына астық тасу жұмысына ойдағыдай пайдаланбағандығынан болып отыр. Мәселен, Совет ауданындағы «Красный полтавец» колхозы мемлекетке астық тапсыруға мүлде артта қалды. Колхозда өлі күнге дейін жүздеген гектар егін орылмаған. Ал колхоз басшылары колхозда мүмкіншіліктің ұшан-теңіз екендігіне қарамастан егін оруды тез аяқтау үшін және қырманда жатқан жүздеген пентнер астықты дайындау орындарына тез жеткізу үшін ешбір шара қолданбай келеді. Сол сияқты, Октябрь ауданындағы «Мектеп» колхозы да (председателі Куликов жолдас) мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмай отыр. Колхозда еңбекке жарамды колхозшылар жұмысқа түгел тартылмаған. Мұнда дайындау орнына астық тасу жөніндегі бес күндік, он күндік мөлшер орындалмайды. Бұл колхоз соңғы бір бес күндікте дайындау ор-

нықтан да астық совхоздарының колхозивтері мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындау үшін барлық күш-жүмекшілігін пайдалануы керек.

Алынған міндеттемелерді орындауды жауапты кезеңінде астық тапсыру жұмысын кызу жүргізіп, ауа райының қандай жағдайда болуына қарамастан дайындау орындарына астық тасуды күндіз-түні бірдей жүргізуді ұйымдастыру керек. Бұл жұмыста коммунистер мен комсомол мүшелері үлгі көрсетіп, колхозшыларды аяппай еңбек істеуге бағтай білуге тиіс.

Советтің Қазақстанның 25 жылдық даңқты мерекесі жақыннан қалды. Колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының бүгін таңдағы беріш—егін жыйнауды және астық бастыруды ойдағыдай жүргізіп, мемлекетке астық тапсыру жоспарын тез арада толық орындау болып саналады. Ал партия, совет және комсомол ұйымдарының, жер, дайындау орындарының қызметкерлері егін жыйнау, астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тез арада аяқтауға колхозшыларды, МТС және совхоз жұмысшыларын түгел жұмылдыруға міндетті.

Алынған міндеттемені абыроймен орындап, республикамыздың даңқты мерекесін зор табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!

К. И. Харьковский, И. М. Попков жолдастарды тағы басқаларын наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Үкмет тапсырмаларын орындауда ұзақ жылдар бойы табысты жұмыс істегені үшін мына адамдар наградталсын:

ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ орденімен

1. Иван Максимович Попков.
2. Константин Иванович Харьковский.

«ХҰРМЕТ БЕЛГІСІ» орденімен

1. Григорий Васильевич Безверхный
2. Василий Прокофьевич Бережный
3. Иван Степанович Клейманов
4. Александр Сергеевич Кустанов
5. Елизавета Дмитриевна Попкова
6. Андрей Андреевич Поспехов
7. Георгий Иванович Турченков.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1945 жылғы 13 октябрь.

В. А. Малышев жолдасты ССРО Машина құрылысы Халық Комиссары етіп тағайындау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Вячеслав Александрович Малышев жолдас ССРО Машина құрылысы Халық Комиссары етіп тағайындалсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1945 жылғы 14 октябрь.

гармаларды карантин комиссиясының председателі болып КБ(б)П облыстық комитетінің үгіт-нәсихат бөлімі менгерушісінің орынбасары Е. Ақылбаев және орыс тіліндегі шығармаларды қарайтын комиссияның председателі болып жазушы Иван Шухов жолдастар бекітілді.

Комиссияның ұйғаруы бойынша, таңдамалы көркем әдебиет шығармаларына мына мөлшерде сыйлық беріледі:

1000 сомнан үш бірінші бөйге;

750 сомнан төрт екінші бөйге;

500 сомнан алты үшінші бөйге.

Бөйгенің шарты мынадай: бөйгеге қатысшылардың қолжазбалары осы жылғы 10 ноябрьға дейін қабылданады. Сыйлық алған барлық шығармалар облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жарияланады және республикалық жыйнаққа ұсынылады. Сыйлық алмаған, бірақ комиссия ұнатқан шығармалар да облыстық газеттерге жарияланады.

Бөйгенің еңгімелерді, очерктерді, әлеп дерді тағы басқа шығармаларды жазушы өз атымен және қамшымен ат қойып жіберуге тиіс. Бөйгеге арналған көркем әдебиет шығармаларын облыстық газеттердің редакцияларына жіберу керек.

БАТЫРЛАРДЫҢ КЕЗДЕСУІ

ПОСТРА (Сумын облысы). (ТАСС). Даңқты ұшқыш Советтер Одағының Батыры атағын үш рет алған Иван Кожедуб туысқан Обращевскада жерлестерінің арасында үш күн қонақ болды. Мұнда батыр өзінің оқытушысы Нина Васильевна Банилевичпен кездесті. Ол өзінің шәкіртін 7 жасынан бері біледі.

Қоштасу кешінде селода төрт достар—Советтер Одағының Батыры атағын үш рет алған Кожедуб және Советтер Одағының Батырлары—Петренко, Каштанов пен Иванов. (бәрі де Обращевскадан) кездесті. Иван Кожедуб жерлестерімен қоштасып, соғыс-әуе академиясында оқу үшін Москваға жүріп кетті.

АСТАНАНЫҢ II-КЛАСТАРЫНДА ОҚУ БАСТАЛДЫ

Астананың қыз балаларға арналған орта дәрежелі 5 мектебінде қосымша II-класстар ашылды. Бұл класстарда педагоктар әзірленеді 1 октябрьде бұл класстарда тұңғыш рет оқу басталды. Қазіргі күнде 125 адам II-класста оқып жүр. (ТАСС).

ҮШ ТИРАЖ

Октябрьде Мемлекеттік ұтыс қарыздарының үш тиражы болды. 5 октябрьде Бювете Мемлекеттік үшінші соғыс ұтыс қарызының ұтыс тираждары айналды.

10 октябрьде Москвада екінші бесжылдық ұтыс қарызының (4-жыл шығарлуы) және ССРОның Отан қорғау қуатын нығайту ұтыс қарызының тираждары айналды. (ТАСС).

ғымалов жолдас) мүшелері Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен КБ(б)П Орталық Комитетінің 1945 жылғы егінді жыйнау және ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы қаулысын орындай отырып, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының барысын да зор табыстарға ие болды. Колхоз ауданда егін оруды бірінші болып аяқтағандардың қатарына қосылды. Сонымен бірге, мұнда мемлекет алдындағы бірінші парыз мерзімінен бұрын, мүлтіксіз орындалды.

«Өрнек» колхозы көршілес «Мектеп»

7 совхоз егінді орып болды

Донченко жолдас директор болып істейтін Приешім совхозы мал совхоздарының ішінде бірінші болып, егін оруды аяқтады және мемлекетке астық тапсыру жоспарын 8 октябрьде толық орындап шықты. Қазір бұл совхоз мемлекетке жоспардан тыс астық тапсырып жатыр.

Бұл совхоздан кейін Октябрь, Преснов, Голышев, Кызылөскер, Явленко және Торангүл совхоздары егін оруды аяқтады.

Әрбір трактормен 420 гектор жер жұмысталды

«Новая жизнь» колхозындағы (Полудень ауданы) Тимофей Коротков жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері мереке алдындағы жарыс күнде іінде аяппай жұмыс істеді. Осының нәтижесінде олар тракторлармен істелетін жұ-

мыстардың жылдық жоспарын артық орындады, 15 аттың күші бар әрбір трактор мен 420 гектар жер жұмыстады. Қазір тракторшылар зәбь жұртуда отахановына жұмыс істеп жүр.

Т. НОНИМОВ.

Қазір бұл совхоздардың жұмысшылары мен қызметкерлері астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығуға жұмылып отыр. Ал облыстық мал совхоздары тресі бойынша, 10 октябрьде де егін астық дайындау жоспары 83,2 процент орындалды. Астық дайындау жөніндегі бес күндік өсім—9,4 процент болды.

Ж. ОСПАНОВ.

КБ(б)П Орталық Комитетінің қаулы мүлтіксіз жүзеге асыра отырып, біз бітік егінді дерексінде, ырбыс жыйнап алуға барыпша күш сады. Колхозшылар, комбайншылар тракторшылар қарақ ССРОның 25 жылғы атындағы социалистік жарыста міндеттемені орындауда үлгі көрсетті.

Мәселен комбайншы Зікірия Дүйн жолдас «Сталинец» комбайнымен 56 тар егін жыйнады. Ал комбайншы Жоламырдың «Сталинец» комбайны 440 гектар егін жыйнап, 150 кило жанармай үлестірді. Бұлардың тракторлары Уолкова және Жолабарова жолдас өзілерінің тракторларының қалтасын жүруін қамтамасыз етіп, егін дала комбайн күшін сарқа пайдалануға қолғабыс тигізді.

Колхозда егін жыйнау жұмыста мұндай үздік жұмыс істеген таңлар оңдап саналады. Олардың бөйі мен жігері егін жыйнау және кетке астық тапсыру жұмыстарында аяқтап, республикамыздың мерекесіне лайықты тартулар әзірледі.

Міне осының нәтижесінде колхоздар оқу және маялау жұмыстары аяқталды. Қазір колхозшылардың күш-жүмекшілігі мен жігері астық руды тезірек аяқтауға жұмсалып. Ал мемлекетке 3318 пентнер астық тапсырды. 3200 пентнер астық тапсырды. таяуда бірінші парызды толық өткізді. Б. НЕКИЕ

С О В Е Т Т Е Р О Д А Ғ Ы Н Д А

ОДЕССАДА БАТЫС ЕВРОПА КӨРКЕМ ӨНЕРІНІҢ МУЗЕЙІ АШЫЛМАҚ

Одесса қаласында Батыс Европа көркем өнерінің музейін ашуға әзірлік жүргізіліп жатыр. Соғыстың алғашқы күндерінде музей мүлкінің көпшілігі қыйырдағы ел ішіне апарылған болатын. Одесса азат етілгеннен кейін музей мүлкі қалаға қайтадан апарылды. Румыниядан да музей

мүлкінің біразы қайтарылып әкелінді. Қазірде Италияның, Голландияның, Францияның, Англияның, Испанияның көркем өнерін бейнелейтін 15 зал толық қалпына келтірілді. Музейде сирек кездесетін форфор заттар, үй мүліктері бар. (ТАСС).

ЧУКОТКАДА МЕНТЕП ҮЙЛЕРІНІҢ ҚҰРЛЫСЫ

РСФСР Оқу Халық Комиссариатының қарары бойынша, Чукотка ұлт округінде 10 бастауыш мектеп пен 4 балалар үйлерінің құрлысы басталады. Мұнымен бірге, бұрынғы мектеп үйлерінің барлығы толық жөнделеді. Анадир оқытушылар

училищесінің жанынан оқушылар үшін интернат ашылады. Чукотканың оқу орындарына 15 химия-биология, физика және әскери кабинеттердің жабдықтары мен түрлі заттары бөлінеді. (ТАСС).

МЕНТЕПТЕРДЕ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫ

РСФСР Оқу Халық Комиссары В. П. Потемкин жолдас жергілікті оқу орындарына барлық класстарда оқудың қай уақытта басталғандығына қарамастан оқу жылының бірінші тоқсанын 6 ноябрьде

аяқтау жөнінде нұсқау берді. Бастауыш класстарда оқушыларға орыс тілі мен математикадан тоқсан аяғында сын өткізбеу ұсынылды. (ТАСС).

КОЛХОЗ ФЕРМАЛАРЫ ҮШІН САЙЫРАТЫН МАШИНАЛАР

Куйбышев қаласында Чарский директор болып істейтін завод сүтін көп машиналар шығарды. Бұл машиналардың әрқайсысы сағатына 1 сүттің қаймағын айырады.

Жыл аяғына дейін колхоз фермалары үшін сүт айыратын 3000 машина ырылмақ.

СОВЕТ НЕМЕЛЕРІНІҢ ОРТА ТЕНІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ САПА

Қара теңіз сауда флотының Орта теңізде алғашқы рет сапары. Жуырда мұхитта жүзетін «Энгельс» атты ірі кеме Албания кетті. Бұл жерден ол Далмарция лато портына барады. Оның ізіне та жүзетін «Дмитров» кемесі аты.

Профессор А. Ерусалимский

Эткендегі сабақтар және германияның шапқыншылығын жою

Қазіргі уақытта үш ұлы мемлекет— Советтер Одағы, Америка Құрама Штатта және Ұлы Британия алдына қойылған дүние жүзілік міндеттер сыяқты, ше алуан және күрделі аса қиын міндеттерді бұған дейін тарих ешуақытта ға қойып көрген емес. Бұл мемлекеттер батыстағы және шығыстағы шапқыншыларға қарсы күрестің негізгі ыртзалығын көтерді, дүние жүзінің қыры үшін де ең алдымен солар жақты болып отыр.

Соғыстан кейін бейбітшілік орнатудың деген ұлы міндеттерді орындауда өткендегі сабақтарды ескерудің ерекше маңызы бар.

Адамзат Версаль бітімінің өрескел зор төрлерінен, батыс мемлекеттерінің Версаль бітімінен кейінгі дәуірдегі апатты қастынан орасан көп азап шекті, сонда енді, халықтардың бапшы бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің негізі қалана кезде, ол қателерді қайталамақ емес. Дүние жүзілік бірінші соғыстан кейінгі мемлекеттер арасында халықаралық саясаттың қандай мәселесінде болса күшті бәсеке басталды. Франция негізгі жылдар бойына Европада өзінің «жетек күш» саясатына— іс жүзінде хауіпті болып шыққан саясатқа қайтады. Америка Құрама Штаттары сотан кейін көп ұзамай Европаның саясатына қатысудан бойын аулақ сақал жүргізді. Негізгі қате міне осындағы. Мұның бәрі Германия империализмінің қайтадан күш жыйнап, жаңа қышшылыққа даярлануына қолайлы дай туғызды.

Қазір істің жайы басқаша. Халықтың жағдайдағы істің түйінін шеше негізгі күштердің бірі Советтер Одағы болып отыр. Жекен Ұлы мемлекеттердің ықпалы, ынтымақпен іс етуіне жаңа қайда байанды негіз бар екенін Берлин конференциясы көрсетті. Советтер Одағының отырғанын дүние жүзінің халықта жақсы біледі. Дүние жүзілік бірінші іс аяқталғаннан кейінгі жағдайдан қа

Германияның өзімен жасалды. Қазіргі тәртіп енді керісінше болады.

Соғыс қылмыстары үшін жауапты адам, әрине, сотталады. Берлин Конференциясының қарарлары бойынша, басты басты қылмысшылардың алғашқы тізімі жарияланды. Бұл тізімге 24 адам— Германияның жауыз империализмінің, бүкіл адамзат алдында гитлершілер партиясы, Германияның генералитеті, плутократиясы істеген сұралып қылмыстардың бәрі үшін тікелей жауапты болатын топтың басшылары енгізілді. Берлин Конференциясының жұмысы аяқталғаннан кейін Лондонда ұлы мемлекеттердің өкілдері— юристердің мәслихаты шақырылды. Бұл мәслихат осы соғыс қылмысшыларын соттайтын халықаралық соғыс трибуналын ұйымдастыру түрі туралы мәселені шешті.

Негізгі және екінші дәрежедегі соғыс қылмысшыларын басқаларға үлгі боларлық етіп, қатты жазалау герман халқына кешірім бергендік болып табылмайды. Герман халқы да өзіне тиесілі жауаптылықты тартып, бұл жауаптылығын толық ұғынатын болу керек. Одақтас мемлекеттер неміс халқын жоюды немесе оны құлдыққа салуды тілемейді. Қайта олар герман халқының өз тұрмысын демократиялық, бейбітшілік негізге мұнан әрі қайта құруға даярлануына мүмкіншілік береді.

1919 жылы да Германия соғысқа жауапты деп танылған болатын. Бірақ Германия үкіметі бұл жауаптылықты танудан бас тартып, ізінше-ақ Германияда жаңа шет елдерде мұны қайта қарауды қолдаған кең үгіт жүргізді. Соғысқа жауаптылық туралы мәселені Германия үкіметі бүкіл Версаль шартына қарсы саяси күрестің құралына айналдырды.

Германия империализмін, оның шаруашылық, саясат, соғыс және идеология жолындағы негіздерін толық және біржолата жойғанда ғана Германияның жаңадан шапқыншылық жасауына қарсы кепілдік жасалады.

Герман империализмі мен милитаризмін жою міндетін Қырым Конференциясының өзі айқын көрсетті. Конференция бұл міндетті орындау шараларының программасын белгіледі. Берлин конференциясы алғашқы бағылау дәуірінде Германия жөнінде қолданылатын экономикалық және саяси принциптер туралы келісімді екі

міндет атқарып кейін Германияның бас штабын да біржолата жоюға қарар шығарды.

Бұл қарарлардың маңызы ерекше зор. Бұл қарарларды толық және біржолата жүзеге асыру, көп заманнан бергі Орталық Европада қалыптанып келген негізгі соғыс ошағын жою болып табылады. Пруссия, одан кейін қан төгіспен, қару күшімен құрылған Германия—Европа реакциясының аса маңызды ұйытқысы және соғыс құмарлықпен шапқыншылықтың ошағы болып келді. Соңғы 80 жылдың өзінде ғана Германия, отар елдердегі соғыстарды есептемегенде, алты рет соғыс, оның ішінде дүние жүзілік екі соғыс шығарды. Гитлершілердің жауыздығы қай уақытта болса да неміс соғыс құмарларына тән болып келген адамзатқа өшпенділіктің, басқа ұлттарды жек көрушіліктің сұралып бейнесіне айналды. Ұлтшылдық идея қай уақытта болса да неміс соғыс құмарларының шапқыншылық, басқыншылық саясатына қызмет етті.

XX ғасырда Германиядағы бұл саясаттың дем берушісі финан капиталының, көмір және болат өнеркәсібінің шонжарлары, Германияның бас штабы және олардың үкіметтегі өкілдері болып келді. Бір соғысты жүргізе отырып, соның өзінде екінші соғысты ойластырды, бұл соғыстардың әрқайсысын олар дүние жүзінде өздерінің үстемдігін орнату жолындағы белгілі кезек деп таныды. Германия жастары да осы рухта тәрбиеленді.

Бостандық сүйгіш халықтар Германия шапқыншылығының біржолата жойылуын ғана емес, оның үстіне бұл сұралып апатты кеселдің қайталануына мүмкіншілік бермейтін жағдай туғызылуын жаңа тәнімен тілейді.

Одақтастардың Версаль дәуірінде қолданған әдістері мүлде жарамсыз болып шықты. Ол түгіл, бұл әдістер жаңа апатқа душар етті.

Ол кезде одақтастар бір-бірімен сыйыспайтын екі мақсатты: біріншіден, Германияның Европадағы басқа елдерге хауіп туғызуына, жаңа соғыс бастауына бөгет жасауды, екіншіден, Германияны Советтер Одағына қарсы қамал ретінде сақтауды көздеді. Сыйып келгенде одақтастар ол кезде Германия шапқыншылығы

Алдыңғы қатарлыларға тәнелейік

Мал қыстату маусымының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Қыста мал азығының жеткіліксіздігінен, не болмаса қораның суық болуынан мал шығынына жол бермеу үшін мал өсірушілердің және колхоз басшыларының барлық назары қоғамдық малды жылы қора құнарамы азықпен қамтамасыз ету ісіне аударылуға тиіс.

Ал, Полудень ауданының бірсыпыра колхоздарында мал шаруашылығын өркендетудегі бұл жауапты кезекте әзірлік ойдағыдай емес. Мәселен, «2-ой большевистский сев», Степан Разин атындағы, «Победа» тағы басқа сол сыяқты колхоздарда мал азығын жыйнау жоспарының 50 проценті де орындалған жоқ, солай бола тұрса да бұл колхоздарда өгін сабағы жыйнамайды, ал мал өсірушілер мал қыстатуға әзірлік жұмыстарына қатыспайды. Істің жайы «Верный» колхозында да осындай. Бұл колхозда мал азығын дайындау жоспарының небары 19 проценті ғана орындалған.

Бұл айтылғандардан ауданның барлық колхоздары мал қыстатуға әзірліксіз отыр деген ұғым тұмайды. Рас, аудандағы «Красное знамя» колхозында қоғамдық мал шаруашылығы жылы қора және мал азығының берік қорымен қамтамасыз етілді. Мұнда 5 мың центнер пішен, 400 тонна сүрленген шөп бар. Барлық мал қоралары жөнделіп, жылытылған. Қазір бұл колхоздың мал өсірушілері мал азығын қыстауларға тасу жұмысын күшті қарқымен жүргізуде. Мал қыстатуға Ворошилов атындағы колхоз да ойдағыдай әзірлік жасады.

Аудан басшылары мал қыстатуға әзірліктің барлық колхоздарда осындай үлгілі жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті. М. ЕГІЗБАЕВ.

ЖЕМІСТІ ЕНБЕК

МАМЛЮТКА. «Октябрдің 12 жыллығы» колхозының мал өсірушілері өздерінің күшімен мал қораларын даярлады. Олар сыйыр, қой, жылқы қораларын жөндеп, 17800 центнер пішен дайындады. Бұл колхоз мал басын өсіру жоспарын бығып асырып орындады. Мал шаруашылығының өнімін тапсыру жөнінде мемлекетпен толық есеп айырғаннан кейін келесі жылдың есебіне 30 центнер ет тапсырды.

Мал фермаларында тәжірибелі мал өсірушілері: Валова Васелиса, Петренко Анна және Мох Роза жұмыс істейді. Олар жүздеген мал өсірді. Қосымша ақы ретін де оларға 8 бұзау берілді.

Үлгілі мамандары

Румын Флотының қояғы түсірілген кемелерінің бір бөлегін Советтер Одағының Румынияға қайтарып беруі

БУХАРЕСТ, 13 октябрь. (ТАСС). Жаңы арада Москвада жасалған келісімге сәйкес, кеше таңертең Галаз портында румын Флотының қояғы түсірілген кемелерінің бір бөлегін Советтер Одағының Румынияға қайтарып беруіне арналған салтанатты жыйын болды. Жыйынға бас министр доктор Петре Гроз, бас министрдің орынбасары Г. Татареску, ССРОның

Румыниядағы өкілісі В. П. Кавтарадзе, румын үкіметінің және одақтастардың Бакарлау Комиссиясының мүшелері, Галаз қалаындағы совет және румын сәтис өкімет орындарының өкілдері, Румынияның сауда және корольдік Флотының өкілдері қатысты. Жыйын «Марашешти» сәтис кеңесінің үстінде болды.

Польшада міндетті түрде еңбек істеу туралы заң

ВАРШАВА, 12 октябрь. (ТАСС). Варшава радиосының хабары бойынша, Өзбек Халық Кеңесінің Президиумы міндетті түрде еңбек істеу туралы министрлер кеңесі заңының жобасын бекітті. Заң бойынша, 18ден 55 жасқа дейінгі ерлер және 18ден 45 жасқа дейінгі әйелдер еңбек басқармасына келіп тиісінше тағайындалады.

Өзбек Халық Кеңесінің депутаттары, өкілдері қызметкерлер, судьялар, адвокаттар, мемлекеттік және басқару орындарының қызметкерлері, дің қызметшілері, профессорлар, мұғалімдер, шаруалар және ауыл шаруашылығының жұмысшылары міндетті түрде еңбек істеуден босатылады.

Англияның ғылыми қызметкерлері қоғамының мәслихаты

ЛОНДОН, 11 октябрь. (ТАСС). Пресс Ассоциациямен агенттігі тілшісінің хабары бойынша, ғылыми қызметкерлер қоғамының 10 октябрьде Лондонда болған мәслихатында осы қоғамның президенті профессор Блэкет 1945 жылғы июль айында Советтер Одағына барып келген ағылшын білімпаздарының атынап мынаны мәлімдеді: «Маған Советтер Одағында ағылшын оқымыстыларына құрмет көрсетілгендігін білдірді. Жақын арада орыс ғалымдарының көрсеткен жақсылығын біз де құрметпен қайтармақпыз деп енемін».

Лондон университетінің бір зам ағылшын оқымыстылары Советтер Одағына бастап алып барған зоология профессоры Уотсон «Бұл ұлы самен неғұрлым тығыз қарым-қатынас жасауға» тілектестігін білдірді.

Сол сыяқты, Советтер Одағында болған доктор Вустер Советтер Одағында ғалымдардың өте жоғары қызмет атқаратындығын мәлімдеді. «Советтің ауыл-шаруашылық ғылымы дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы ғылым болып саналады»—деді ол.

Германияның Швейцариядағы қаражаттары туралы

ВАШИНГТОН, 13 октябрь. (ТАСС). АҚШтың соғыс істері жөніндегі есеп комитеті сиясы комиссияның июльде және июльде болған мәжілістерінде финан министрлігі өкілдерінің сөйлеген сөздерін жариялады. Шет ел қорларын бақылау бөлімінің басшысы Шмидт Құрама Штаттарында германияның Швейцария банктеріндегі қаражаттары жайында әлі күнге толық деректердің жоқ екендігі туралы 2 июльде мәлімдеме жасады. Шмидт 1942 жылы Швейцарияда 372 банк болғандығын, олардағы вкладтар сомасы швейцар франкімен 16 миллиардтан асқандығын, ал, 1914 жылы 295 банк болып, олардағы вкладтардың жалпы сомасы швейцар франкімен 7 миллиард шамасында болғандығын атап көрсетті. Шмидт бұдан әрі, шет елдерде бұл банктердің миллиардтаған доллар қаражаттары бар екендігін, бұл қаражаттар

Швейцария заңдары бойынша, Швейцария орнына номер тіркеп, біркісілік есеп алуға рұқсат еткендігін және мұның өзі герман капиталистерінің банктерде қаражат сақтауына мүмкіншілік бергендігін атап көрсетіп, Шмидт Швейцария үкіметінің әлі күнге дейін бұл қаражаттардың иелерін әшкерелемегендігін мәлімдеді. Дәл сол сыяқты қаражат министрлігінің қызметкерлері Ләкердің мәлімдемесі бойынша, Германияның Швейцариядағы мүлкі мен қаражатын әшкерелеу ісінде осы уақытқа дейін ешбір елеулі өзгеріс болмаған көрінеді.

Осы уақытқа дейін жүргізіліп келген келіс сөздерге байланысты, Швейцария үкіметі швейцар бірлестіктері мен банктеріне Германияның Швейцариядағы қаражаттары иелерінің аты-жөндері туралы хабар беруге әмір берді.

1919 жылы Парижда болған бітім конференциясында одақтас елдердің өкілдері, дүние жүзілік бірінші соғыстың аяқталуына және бейбітшілік орнатуға байланысты мәселелерді небәрі бірнеше айдың ішінде шешіп қалды. Ал ол кездегі бейбітшілік орнатушылардың, бұл күрделі мәселелердің бәрін кеңінен және тереңнен қамтырлық ортақ бағыты да, бірлесіп іс етуге ұмтылған азда болса ынтымағы мен тілегі де болмады. Олардың кейбіреулері өз елдеріндегі ишелеңнен ішкі саяси күресінен болып жатты, басқалары соғыстың соңғы күндерінде немесе соғыс аяқталғаннан кейін алғашқы күндерде лажсыздан берген лаурықталы уәдделерінің едәуір әсерінде болды.

Париж конференциясына қатысқан Гамельд Никольсон өзінің «1919 жылы бітім қалай жасалды» деген кітабында бұл бітімнің қалай нашар жасалғанын көрсетті. Конференцияға қатысушылардың бір-бірімен істің екшей-текшеймен шұғылданған болып, негізгі бағытта айырылысты, оның басты міндеттерін түсінбеді. Басқалары дерексіз жобалар жасап, ақыл-парасатын алған рет кездескеннің өзінде бұл жобалардан өздері бесті. Конференцияға қатысушылар көп сөз қылған ұлы арманмен ұзамай сағым болып, мазмұнсыз бос өзге айналды.

Версаль шарты бірнеше бітім шарттарынан—Версаль, Сан-Жермен, Трианон, Верр және Нейвский шарттарынан құралған. Бұлардың әрқайсысы «тарихи әділеттіліктің» және «мемлекеттік даналықтың» бейнесі деп дәріптелді. Олардың әрқайсысы, авторларының айтуынша, мәңгілік шарт» болды. Бірақ сөзді бәрінен де ісіне қарай, ал істің нәтижесіне арай сынаған дұрыс. Бұл бітім шарттарының бәрі небәрі жыйырма жылдай ғұр сүрді, мұнан кейін, бұрын шапқыншылыққа жол бермеуге, оны тоқтатуға өрінен де күштар сияқты болған елдердің көріне қамқорлығымен Европада және Тынық мұхитта бас көтерген бұрынғы елдердің да қауіпті жаңа шапқыншылық оларттардың бәрін жоққа шығарды.

Дүние жүзілік бірінші соғыс аяқталғаннан кейін бітім шарты Германияның бұрынғы одақтастарынан бұрын ең әуелі

сөзін шығаруға және басқа сондай істерге рұқсат етілмеді.

Совет әскерлері тұрған аймақта басқаша жағдай туғызылды. Мұнда Германияны экономикалық жағынан қарусыздандыру шаралары жоспар бойынша жүргізіліп отырды, фашизмге қарсы адамдардың ұйымдасуына, бас қосуына мүмкіншілік берілді. Мұның өзі Қырым Конференциясы қарарларының рухына және сөзіне сай келетін тынақты саясат болды. «Совет әскерлері тұрған аймақта, —деп жазды Рейтер агенттігінің дипломатиялық тілшісі, —нацистерді саясат істерінен аластау, сол сияқты Германияның соғыс күшін экономикалық жағынан жою жөнінде совет саясаты Ялта декларациясын жүзеге асыра отырып, өреске тынақтылықпен жүргізілді».

Берлин Конференциясының қарарларында Германияны оккупациялау—Германияны толық қарусыздандыруды, жарақсыз дандыруды, әсересе картелдер, синдикаттар, трестер және басқа монополиялық келісімдер түрінде Германияның экономикалық күшінің өте-өте шұғырлануын жою мақсатымен оның экономикасын ыдыратуды көздейтіні көрсетілді.

Берлин Конференциясы мұнан әрі бүкіл Германияда фашистік тәртіптің және фашистік ұйымдардың қалдықтарын түп-тамырымен құртып қана қоймай, оның үстіне нацистер партиясында болған және одақтастардың мақсаттарына қарсы құшпандық әрекет жүргізген адамдардың бәрін қоғамдық қызметтерден және жеке аламдардың меншігіндегі маңызды кәсіп орындарындағы жауапты орындардан шеттетуге хажет деп таныды. Ақыр-аяғында конференция Германияның жер бетіндегі, теңіздегі және әуедегі барлық қарулы күштерін, гитлершілдер партиясы мен гестапо құрған барлық арнаулы әскері және жартылай әскери топтары, нешеме он жылдар бойына және соңғы кезге дейін Германияда соғыс дәстүрлерін қолдау мүдделеріне қызмет етіп келген барлық клубтар мен орындарды толық және бір-жолата жою хажет деп тапты.

Берлин Конференциясы, ежелден бері герман милитаризмінің ұйытқысы болып келген, басқа елдердің штабындай болмай, Германияда үнемі басшылық саяси

мүмкіншілік берді. Олар, ақыр-аяғында, Германия өнеркәсібінің шонжарларына, монополиялық үлкен ұйымдарының басшыларына Германияның бүкіл шаруашылығын бақылап, бағыт көрсетіп отыруға мүмкіншілік берді.

Мұның нәтижесінде германия империялықтар көп ұзамай бет пердесін жұлып тастап соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы бейбітшіліктен кұрғақ сөздерді былай қойып, өздерінің бұрынғы басқыншылық ниеттерін жүзеге асыруға ашықтан-ашық, жаңа күшпен кірісті. Бұл ниеттерін жүзеге асырудан олар қазірде де тыйылған жоқ. Мұны алдан болжаған Берлин Конференциясы «Германия милитаризмі мен нацизмінің қайтадан бас көтеруге немесе қайта құрылуына бір жолата тыйым салу» керек екенін атап көрсетті.

Дүние жүзілік бірінші соғыстан кейінгі жағдайдан қазіргі жағдай өзгерсе. Ол кезде Германия жерінің тек бөлшегі бір бөлігіне—Рейннің сол жақ жағалауына және оған шығысқа қарай аз ғана бекіністі жерге әскер енгізілді. Қазір одақтастар әскері Германияның барлық жеріне енгізілді, демек, олар барлық жерде және барлық істі бақылап отыра алады. Ол кезде бақылау комиссиясының бақылаушыларының мүмкіншілігі өте аз еді. Қазір Германияның бүкіл тұрмысы—экономикалық, саяси, идеологиялық жақтарының бәрі одақтастардың өкмет орындарының бақылауында. Ол кезде Германияның соғыс құмарлар тобы армиясының негізгі қатары толық талқандалудан сақтап қалған еді. Қазір Германия армиясы дүние жүзіндегі армиялардың бірде-бірінде болмаған апатқа ұшырап, толық талқандалды. Неміс армиясының едәуірі тұтқында, ал күнсіз Ферейндер түрінде жаңа әскерлер құруға жол берілмейді. Ол кезде Германияның тыйым салынған бас штабы әртүрлі үкмет мекемелері мен министрліктерде уақытша паналап қалған еді. Қазір Германияда бұрынғы орталық мекемелер мен министрліктердің ешқайсысы жоқ.

Қазір Германияның шапқыншы империализмінің қайтадан бас көтеруге бір-жолата тыйым салуға керекті жағдайдың бәрі туғызылуда.

Қазір Германияның шапқыншы империализмінің қайтадан бас көтеруге бір-жолата тыйым салуға керекті жағдайдың бәрі туғызылуда.

мастерской қалпына келтірілді. Мектепте көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткер профессор Крайнов, көркем өнер ғылымының докторы профессор Жук, профессор Мучник тағы басқалары жұмыс істейді.

(ТАСС).

мен өрте, паровозшылар арасында еаяси-көпшілік жұмысы да жүргізеді.

Рахымжанов жолдас Отан соғысы жылдарында өзінің жұмыс тәжірибесін бұрынғыдан арттыра түсті. Өзіне берілген тапсырмаларды үнемі артық орындайды. Қазір ол машинашы Романов жолдаспен Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысқа түсті.

Бұл екі машинашы июль айында бүкіл Одақтың теміржолшылар күні алдындағы социалистік жарысқа түсіп, теміржолшылардың тарихи күнін тамаша жеңістермен қарсы алған болатын.

Машинашы Рахымжанов жолдас өндіріс техникасын жақсы үйрену ісі мен шұғылдануда. Қазір техникалық оқуға қатынасып, өз мамандығын күн сайын арттыра түсуде.

Е. ТӨЛЕГЕНОВ.

Игілікті іс

Жақын арада Петропавл қалалық комсомол комитеті қаланы еумен үздіксіз қамтамасыз етуге комсомол мүшелерінің көмектесуі жөнінде қарар қабылдады. Комсомол мүшелері мен жастар бұл қарарды орындауға білек сыбана кірісіп, су түтіктерін жабу ісіне белсене қатысты.

Жұмыста Орталық ауданының комсомол мүшелері мен жастары алда келеді. Орталық ауданының 225 комсомол мүшесі мен жастары қысқа мерзімнің ішінде 537 текше метр жерге балшық толтырды, ал. Өндіріс ауданының 503 комсомол мүшесі осы мерзімнің ішінде 1018 текше метр жерге балшық толтырды.

Сонымен қатар, бұл жұмысқа дәрігерлер техникумының студенттері де белсене қатысты.

3. АЙСИНА.

МІНДЕТЕМЕ Орындалды

Облысымыздағы шикі зат дайындау мекемелерінің жұмысшы, қызметкерлері мереке атындағы социалистік жарысқа қосылып, шикі зат дайындау жоспарын өткен 9 айда 142 процент, құс етін да дайындау жоспарын 272,2 процент орындады. Сол сияқты, басқа да шикі заттар жоспардан анағұрлым артық дайындалды.

ФАБРИК-ЗАВОД МЕКТЕПТЕРІНДЕ

АҚТӨБЕ. Еңбек резерві басқармасының мектептері бес жылдың ішінде елімізге 16950 маман жұмысшы—металшылар, мұнайшылар, құрылысшылар, балықшылар, кеншілер даярлап берді.

15 октябрьде жаңадан оқушылар алу ісі басталады. Мемлекеттік комиссия қолөнері және фабрика-завод мектептерінің даярлығын тексерді. Мектептердің бәрі де оқушыларды қабылдауға даяр.

туралы Америка баспасөзінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК. 13 октябрь. (ТАСС). «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің Франкфурттағы тілшісінің хабары бойынша, халықаралық есеп жүргізу банкінің президенті Маккитрик өткен аптада Германияға келіп, америка чиновниктерімен әңгімелесті. Бұл факты халықаралық есеп жүргізу банкінің болашағы жайында түрлі болжау туғызды. Банктің жұмысы тексерілуі мүмкін деп есептейді тілші, өйткені ол соғыс кезінде Германиямен қаражат жұмысын жүргізіп, немістердің басып алған елдерден тасып өкелген алтынның алған Сол сияқты АҚШтың бұл банкке көзқарамы туралы әртүрлі болжаулар айтылып жүр, өйткені оның председатели америка банкірі Германияның халықаралық қаражат жұмысына жәрдемдесіп, фашистердің барлық күшті соғыс жолына жұмеауына мүмкіншілік жасаған көрінеді. Сол сияқты, соғыс кезінде фа-

шистердің басқа елдерде зыянкестік жасауына бұл банк көмектеспеді ме екен деген сұрақ туды.

Фашизмге қарсы «Джорменн Тудей» бюллетені қазіргі күнде Баварияда тұратын гитлершіл өнеркәсіпші Рейхбергтің тілшімен әңгімелескенде, «Вашингтондағы кейбір топтардың олар герман шаруашылығын сақтап қалудың жоспарын өзірлеуді өтігендігін» жақын арада мәлімдегендігін хабар етті. Бюллетень Рейхбергтің бұдан бұрын фашистердің аса ірі өнеркәсіпшілерімен байланысты болғандығын атап көрсетеді.

Гитлершілдердің атышулы басшысы Лейдің жақын арада Гөтфордқа хат жазып, соғыс қылмысшыларына сот аяқталғаннан кейін өзін жұмысқа алуы өтігендігін «Нью-Йорк таймс» газетінің Берлиндегі тілшісі хабар етті.

АҚШтағы жұмыссыздық

НЬЮ-ЙОРК. 14 октябрь. (ТАСС). АҚШтың еңбек иппистерлігінің мәліметі бойынша, быйылғы 1 октябрьге дейін Құрама Штаттарында 2 миллиондай жұмыссыздар болған. Олардың көпшілігі соғыс зақаздарын орындайтын кәсіп орындарынан шығарылған. Олардың ішінде 1400 мың адам августа және 600 мыңдай адам сентябрьде жұмыстан шығарылған. Бірсыра соғыс заводтарынан жұмысшылардың тағы да шығарылатындығын атап көрсетіп, еңбек министрлігі адамдарды жұмыстан шығарудың мүлде шектен аскандығын атап көрсетті. Қазір соғыс заводтарындағы еңбек ақылармен салыс-

тырғанда еңбек ақы мөлшері неғұрлым кем кәсіп орындарында ғана жұмыс бар.

Соғыс аяқталғаннан бастап, 1 октябрьге дейінгі мерзім ішінде жұмыссыздық жөнінде жәрдем алу туралы 2,5 миллион арыз түсті, оның ішінде 1 миллион 200 мың адамның осындай жәрдем алып тұруына қазірдің өзінде пұрсаты бар. Еңбек министрлігінің өкілі жаңа жылға дейін әскер қызметінен 3,5 миллион адамның қайтып келетіндігін (август пен сентябрьде 900 мың адам келген болатын) және сондықтан да жұмыссыздар саны бұрынғыдан да көбейетіндігін атап көрсетті.

Соғыс қылмысын істеуге қатысқан германияның аса ірі өнеркәсіпшілері мен жер иеленушілерінің тізімі

ЛОНДОН, 11 октябрь. (ТАСС). Америка үкметі нацистердің істеген соғыс қылмыстарына қатысқандығы үшін айыпталып отырған аса ірі герман өнеркәсіпшілері мен жер иеленушілерінің тізімін жариялады. Мәліметтерді сенатор басқарған комиссия жыйнаған. Тізімде мына адамдар бар: граф Альфред, Густав Бруни

фон Велем унд Гельбах, доктор Альфред Гутенберг, Барл Линдеман, Куст Шмидт, доктор Герман Шмидт, Георг Шмидлер, барон Курт фон Шредер, Геймал фон Сименс, Гуго Стигнес, Вельгельм өнглер, Фриц Тиссен, Альбер Ферлер, доктор Курт Вейгальт, барон фон Вилмовски және басқалары.

Жауапты редактордың орынбасары

Г. МҰХАМЕДЖАНОВ

ОДЕССАДАҒЫ КӨРКЕМ ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ

Одессаның көркем өнер мектебі елімізгі көптеген мектептердің бірі. Бұл мектептің құрылғанына таудағы күндерде 30 жыл толады. Бұл оқу орнына Севастопольді қорғаудың биік мұнарасын жасаған академик Ф. А. Рубс, Москвадағы ваттер сарайы жобасының авторы ака-

демик архитектор Иофан, ССРО халық суретшісі А. А. Шонкуненко тағы басқалар тәрбиеленді.

Қазір бұл мектепте 200 оқушы оқып жүр. Олардың үштен бірі Отан соғысына қатысушылар. Жаңадан үш бөлім ашылмақ. Неміс-фашист басқыншылар тонаған

мастерской қалпына келтірілді.

Мектепте көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткер профессор Крайнов, көркем өнер ғылымының докторы профессор Жук, профессор Мучник тағы басқалары жұмыс істейді.

(ТАСС).